ТАСҚАЛА АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ТАСКАЛИНСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

12.09 2022ж./г. №166

Тасқала ауылы село Таскала

Жергілікті атқарушы органның төтенше резервінің есебінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Тасқала ауданы әкімінің 2022 жылғы 23тамыздағы№12«Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы» шешіміне сәйкес Тасқала ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 458 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» бюджеттік бағдарлама әкімшісінің 106 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасында келесі мақсаттарда қарастырылсын:

табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын жою мақсатында Тасқала ауданы, 2-Шежін ауылының су жүйесінде орын алған апат себептерінен екі барлау және пайдалану су ұңғымасын бұрғылау үшін6452294 (алты миллион төрт жүзелу екі мың екі жүз тоқсан төрт) теңге.

2. Тасқала ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Тасқала ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі ауданның экономика және қаржы бөліміне 2022 жылдың 1қарашасына дейін бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуы жөніндегі есепті ұсынсын және үнемделіп пайдаланылмаған қаржыны 2022 жылдың 1 желтоқсанға дейін мерзімде аудандық бюджетке қайтаруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Тасқала ауданы әкімінің орынбасары А.Халауединге жүктелсін.

Аудан әкімі **Б.Айтмағамбетов**